

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖСШ«Little Baby»балабақшасы

Топ: «Қыран»ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 26-01 наурыз айы, 2023-2024 оқу жылы

Күнтәртібініңкезеңд ері	Дүйсенбі 26.02.2024ж	Сейсенбі 27.02.2024ж	Сәрсенбі 28.02.2024ж	Бейсенбі 29.02.2024ж	Жұма 01.03.2024ж
Балалардықабылдау	1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Міндеті:тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыру.Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер?»Мақсаты:	1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Міндеті:ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат	1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Міндеті:дауысты (о, ұ) дыбыстарды анық айту.Жаңа ертегілерді тыңдай білуге үйрету, еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін ата»Мақсаты: ертегіні тыңдай білуге, кейіпкерлерді тануға үйрету. Балалардың өзара еркін әңгімелесуі. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Міндеті:кейбір дауыссыз (ж-ш) дыбыстарды анық айту.Жаңа әңгімелерді тыңдай білуге үйрету, еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.	1.Балалармен амандасу бұрышында сәлемдесу. Балаларда жағымды көңіл-күй қалыптастыру. Міндеті:дыбыстарды ң артикуляциясын нақтылау және бекіту, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу,еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу. Артикуляциялық жаттығу: «Жылан», «Ат шауып келеді», «Тіс тазалау»... Дидактикалық ойын:

	Балаларды дұрыс сөйлеуге, заттарды жекеше,көпше түрде айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	есім және етістік) үйрету. Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары және олардың төлдері»Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Бізді қоршаған орта»Мақсаты: Балаларды дұрыс сөйлеуге, дыбыстарды анық айтуға үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті:Өзінің дене мүшелерін бағдарлау Дидактикалық ойын:«Өз ұяшығыңды тап» Мақсаты: дене мүшелерін бағдарлауға үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға	Міндеті: Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау. Қимылды ойын:«Оңға-солға жүреміз» Мақсаты: кеңістік бағыттарын ажыратуға үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына	Міндеті:«Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дидактикалық ойын: «Біреуі артық» Мақсаты:«Біреу – көп» ұғымын бекіту;	Міндеті:«Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Отбасылы туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?» Мақсаты:артық-кем ұғымдарын	Міндеті:«Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру. Отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты:артық-кем ұғымдарын

	баулу Дидактикалық ойын: «Жақсы-жаман» Мақсаты: ұнамды және ұнамсыз әрекеттерді ажыратуға, ұнамсыз әрекеттерден аулақ болуға баулу. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	қамқорлық танытуға баулу Дидактикалық ойын: «Кішкентай көмекшілер» Мақсаты: Өзінің отбасы мүшелеріне, ата-анасына көмектесуге, қолғанат болуға тәрбиелеу. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Ауызша сөзжұмбақ» Мақсаты: отбасы мүшелерінің атын атау. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	ажыратуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: отбасы мүшелерін сыйлау керектігін үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	ажыратуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Бізге келген қонақтар» Мақсаты: үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру) (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру. Шеңбер бойымен тұру. / шеңберге тұрарда себеттен екіден лента алу/ Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Б.қ.: «Сермеу» Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны – жоғарыға, сол жақтағыны – төменге сермеп отырып ауыстыру. /5 рет қайталау./ Б.қ.: «Алдыда- артта» Аяқтары иық жалпақтығында, ленталар жанда, алдыға еңкейіп, ленталарды артқа созу «артта» деп айту, шалқайып, қолды алдыға созу «алдыда» деп айту. /5 рет қайталау./ Б.қ.: «Бұйрықты орында» Аяқтарын алшық қою, ленталар екі жақта. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып қою керек. /6 рет қайталау./ Б.қ.: «Көңілді аяқтар» Аяқтарын алшақ қою, ленталар жанда; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру. Қорытынды: Шеңбер бойы маршпен жүру./ленталарды себетке салу/ «Жолбарыс» - қолды әр түрлі жағдайда ұстап, кең қадаммен жүгіру. (Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа,				

	Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Денешынықтыру Тақырыбы:«Денсаулықтың құпиялары» Міндеті:Қол саусақтарын жұму және ашу.Қолды жан-жаққа созып еңкею Шеңбер бойымен тұрып: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар: - Қол саусақтарын жұму және ашу. - Қолды жан- жаққа созып еңкею Тепе-теңдікті сақтау, қадағалау, бақылау. Қимылды ойын:	Дене шынықтыру Тақырыбы:«Ақылдылар»Міндеті:Отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау жаттығуларын орындауды үйрету. Шеңберде: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2.Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар -Әр түрлі секіру жаттығуларын жасау. - Тұрған орнында қос аяқпен сызықтан секіреді. -Музыкалық аялдама /Өуенмен қимылмен	Музыка Маман жоспарына сәйкес.	Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы:«Күшті, батыл және үлкен боламын!»Міндеті:Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар.(бас,дене,аяқ бөліктеріне арналған) Қимылды ойын: «Балапандар мен	Қазақ тілі Тақырыбы:«Тату - тәтті баламыз?»Міндеті:Қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Ұйымдастыру бөлімі: «Достық шеңбері» жылулық шеңбері «Сәлеметсің бе, алтын күн!» Сәлеметсің бе, алтын күн! Сәлеметсің бе, көк аспан! Сәлеметсің бе, жер ана! Сәлеметсіңдер ме, достарым! Дидактикалық ойын:

	«Қарағайлы ормандағы аю» Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау.	орындайды/Бақылау, қадағалау. Көмек беру. Қимылды ойын: «Доптар мектебі» Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру» Еркін ойындар ойнау.		мысық», «Түлкі мен балапандар» ойындар арқылы негізгі қимылды бекіту.Шанамен биік емес төбеден сырғанау. Мақсаты:Қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. Еркін ойындар. Тыныс алу жаттығуы: «Қарды үрлеп ұшыр»	«Ажырат» Мақсаты: қазақ тіліне тән дыбыстарды білуге, айтуға, қолдана білуге үйрету. Жаңылтпаштар: Тұз –мұздай Мұз –тұздай. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім. Сергіту сәтін орындау: Бір, екі, үш (аяқтарын кезек - кезек көтеріп, түсіреді) Бойға жинап күш, (қолдарын жоғары тік көтеріп, иық тұсынан бүгеді) Бір, екі, үш (аяқтарын кезек - кезек көтеріп, түсіреді) Қанат қағып ұш! (қолдарымен құсша қанат қағады) Тыныс алу жаттығуы.
--	--	---	--	--	--

					Еркін ойындары.
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен №14 Көліктерді бақылау. Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін толықтыруды жалғастыру. Оларды тануға, айырып атауға үйрету. Соның ішінде автобусты бақылату және олардың әртүрлі болатынын көрсету. Жол жүру ережелерін де қайталату. Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты:	Серуен № 15 Қысқы ауа-райын бақылау. Мақсаты: Қыстағы ауа райы салқынды, боранды, аязды болатынын. Бүгінгі ауа-райын айтыңдаршы. Балалар қысқы күннің ерекшеліктерін айту. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Іздерінен қар ұшып Жеке жұмыс: Қыстың	Серуен № 1 Ауа райын бақылау. Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол шашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Мақсаты: Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының	Серуен № 2 Күнді бақылау. Мақсаты: Күннің аңыздылығы адам өмірінде өсімдік пен жануарлар әлеміндегі алатын орны жайында түсінік қалыптастыру. Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету (жоғары көтеріледі, шуақтары жылу шашқанда, қарай алмайсын). Тақырып бойынша белсенді	Серуен № 3 Желді бақылау. Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Мақсаты:

	жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. Жеке жұмыс. Балаларға автобустағы мәдениеттілікті үйрету. Еңбек. Алаңды жинау. Тазалыққа дағдыландыру. Көркем сөз: Жылыстайды даламның Ақ түнекті бораны. Түйіп алып қабағын, Басып қалды қораны. (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	үш айын үйрету, ерекшеліктерін түсіндіру. Сұрақ-жауап. Балалардың қыс мезгілі өз ойларын айтуы. ((Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен қарым-қатынасын дамыту. Қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар» Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді. Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады. Шапшандық пен бейімділікті дамыту. Еңбек іс-әрекеті Топырақты тұқым салуға дайындау. Еңбектенуге деген қабілетін дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе	сөздікті дамыту. Қимылды ойын «Күн мен бұлт» Шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді, ойнайды, «түн» сөзінде тығылады. Еңбек әрекеті Гүл тұқымын топыраққа егу. Балаларға жұмыстың қарапайым, оңай түрін үйрету. Құрал-саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойындар. Тәжірибе мен сараптама <u>Тапсырма 1.</u> Ауладан күнге қызған затты табу. Оның неден жасалғанын айту. <u>Қорытынды.</u> Алдыме	Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ». Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс атқара білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы, жаман» Табиғатта болып жатқан
--	---	--	--	---	---

			мен сараптама «Ауа райын сипатта!» Балалардың ауа райына байланысты сөзді таңдап алуды үйрету. (жылы, ашық, суық, құ рғақ, желді, жаңбырлы , тұманды) Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір- бірімен қарым- қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру. (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	н темір заттар қызады. <u>Тапсырма 2.</u> Қай зат тез ысиды? <u>Қорытынды.</u> Ақшылға қарағанда қара заттар тез ысиды. <u>Тапсырма 3.</u> Ағаштың көлеңке жағымен күн түсетін тұсын ұстап көру. <u>Қорытынды.</u> Күн түскен жақ жылы, ал көлеңке жағы суық. Өзіндік іс-әрекет Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға жағдай туғызу. (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)	құбылыстардың жақсы және қарама- қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір- бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды- жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Тапсырма. «Бұлттардың қозғалысына байланысты жел күшін анықтау». Өзіндік іс-әрекет Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау (Көркем әдебиет, тіл дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру, қоршаған ортамен таныстыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарғатұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету.				

	Топтакиетінаяқкиімдерінезбетіншеауыстырып, киюінүйрету. (дербесойынәрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарынсабындап, киімдерінсуламай жуыну. Өзініңжекесүлгісінтани білудіүйрету. Сүлгінідұрысқолданудыдамыту, орнынаіліпқоюынқалыптастыру.Тамақтанукезіндеорындықтаікотыру. Астындәмдіболуынтілеу. Тамақтыдұрысішу. Қасықтыдұрысұстау, майлықтықолдану ,нанқиқымыншашпай, сорпаменсусынынтөкпейішудіүйрету. (мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндепұйқыданояту, Сауықтырушаралары	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				
Бесін ас	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				
Балалардыңдербесәрекеті (баяуқимылдыойындар, үстелүстіойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптарқараужәнетағыбасқа әрекеттер)	Міндеті:Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету.Мүсіндеу тәсілдерін қолдана	Міндеті: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып,	Міндеті:Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ірі құрылыс материалдарынан құрастыруға үйрету. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға	Міндеті: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыруға үйрету.Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен жүзікпен	Міндеті: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Үлгі бойынша құрылыс материалдарынан құрастыруға үйрету. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен жүзікпен таныстыру.

	отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеуге дағдыландыру. Желімдеудің техникасын үйрету. Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып ойнауға баулу.Музыкалық би-қимылдарын орындау. Дидактикалық ойын: «Қошақандар шөп жейді» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау.(Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру,музыка)	өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу.Желімдеудің техникасын үйрету. Өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып ойнауға баулу. Дидактикалық ойын: «Ненің дыбысы?» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)	баулу. Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен білезікпен таныстыру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыруДидактикалық ойын: «Ою-өрнектер» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)	таныстыру. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыруДидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау.(Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыруДидактикалық ойын: «Тәрелкені әшекейле» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, музыка)
Баламен жеке жұмыс	Еркеназ тең және тең емес заттар тобын салыстыра білуге үйренеді.	Русланқызы Кәусәр жұмысты ұқыпты орындауға дағдыланады.	Сұлтанхан бірқалыпты аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүруді үйренеді.	Расул қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді дұрыс айта білуге үйренеді.	Абай тақпақтарды жатқа айта білуді үйренеді.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				

Серуен	Серуен№14 Көліктерді бақылау.	Серуен № 15 Қысқы ауа-райын бақылау.	Серуен № 1 Ауа райын бақылау.	Серуен № 2 Күнді бақылау.	Серуен № 3 Желді бақылау.
Балалардыңүйгеқайтуы	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Алда болатын іс- шараларға қатысты әңгіме